Келісілді:___________
ЖШС Tlekzhan&K» «Смайлик»
бөбекжайының әдіскері
А.Е.Хасанова

Бекітемін:___________
ЖШС Tlekzhan&K» «Смайлик»
бөбекжайының меңгеруші м.а
А.Е.Хасанова

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған «Колобок» кіші тобының ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық жоспары**

Тәрбиешілер: Г.М.Адилханова
Р.Д.Нагимова

**Түсінік хат**

2025– 2026 оқу жылында «Смайлик» бөбекжайының «Колобок» кіші тобы балаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективалық жоспарын құрастыруда төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарды басшылыққа алды:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралыҚазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 1,2,3 - қосымшасы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (2022 жыл 14 қазан №422 бұйрық өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;
-2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен 2025 жылғы 24 маусымдағы №7 хаттамасы).Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі бір жас тобында – 1 жыл. Күтілетін нәтижелері перспективалық жоспарда әр айда көрсетілген.

**Физикалық қасиеттерді дамыту**: Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады.Мақсаты денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың физикалық біліктері мен дағдыларын қалыптастыру және негізгі қимыл түрлерін жетілдіру болып табылады.

**Коммуникативтік дағдыларды дамыту** Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Мақсаты сөздік қорды байыту, сөйлеу дағдыларын, әдеби шығармалар мен халық ауыз әдебиеті шығармаларына қызығушылықты қалыптастыру болып табылады.

**Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту** Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сенсорика ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады. Мақсаты балалардың танымдық қабілеттерін, білуге құштарлығын, қиялын, зейінін, есте сақтауын, байқағыштығын дамыту болып табылады.

**Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту** Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Мақсаты балалардың эстетикалық қабылдауын қалыптастыру, дербес тәжірибелік және шығармашылық әрекетті дамыту болып табылады.

**Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады. Мақсаты балаларды әлеуметтендіру, экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру болып табылады.

Дене шынықтыру аптасына үш рет, музыка аптасына бір рет. Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сенсорика, құрастыру, жапсыру, сурет салу, мүсіндеу, қоршаған ортамен таныстыру күн сайын ұйымдастырылады.

**Топ:** «Смайлик» бөбекжайы

**Балалардың жасы**: 2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** Қыркүйек айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қыркүйек | **Дене тәрбиесі** | **Негізгі қимылдар:** Әр түрлі бағытта жүру, бірқалыпты жүгіру, шектеулі нысанаға дейін еңбектеу. Бір орында тұрып екі қолмен допты домалату, қос аяқпен секіру.Тура жолмен жүру.<br>**Жалпы дамыту жаттығлары**: қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру. Жанында тұрған(отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға солға бұрылу.<br>Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін(заттан ұстап) бүгу .<br>**Күтілетін нәтиже:** ересектермен бірге дене жаттығуларын орындай алады. |
| | **Тіл дамыту** | 1) дұрыс дауысты және дауыссыз дыбыстарды айтуды үйрету,<br>2)Ойыншық, киім, аяқ киім туралы сөздік қорын байыту, заттардың аттарын атау.<br>3)Зат есімнің көпше түрін айтуды қалыптастыру. Ересектердің сөзін түсінуге Кім?Не? сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды айта алады, Зат есімнің көпше түрін қолданады. |
| | **Көркем әдебиет** | Ертегілердің,әңгімелердің, тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағыәрекеттердіңдамуынқадағалау, педагогтың көмегімен қайталауға үйрету.Шағын тақпақтарды тыңдауға, асықпай қайталауға ынталандыру<br>**Күтілетін нәтиже**: Кітаптағы суреттерді қарайды, сурет бойынша қойылған сұраққа жауап беруге тырысады. |
| | **Сенсорика** | Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау.Түстерді тану, атау(Сары түс)Қимылдарды қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдысын меңгерту.<br>**Күтілетін нәтиже:** педагог көмегімен түсі, өлшемі бойынша заттарды тауып көрсетеді. |
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру** | Мен бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттен тану. Заттарды оларды әрекеттерді атау, оларды суреттеп тану.ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру.Ересек адамның сөйлеу интонациясын түсінуге, ажыратуға баулу(жақсы-жаман) Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру.Аңдардың жүрісін салғызуға үйрету. Жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу**.**<br>**Күтілетін нәтиже:** Есімін атағандажауап береді, Өзін айнадан фото суреттен таниды. Заттарды және олармен әрекететуді біледі. Жануарлар әлемі туралыбастапқы түсініктерге ие.Аңдардың жүрісін салады. Жануарларға қамқорлыық жасауды біледі. |
| | **Құрастыру** | 1)құрылысматериалдарынанжәнеірі конструктор бөлшектеріненқұрастыруғаүйрету;<br>2) құрылысүлгілерінқарап, оныңбөліктерінатапкөрсетуге, қандайбөлшектерденқұралғанынанықтауға, үй, машина, жиһаздарқұрылысыныңжетіспейтінбөліктеріңтабабілубіліктерінқалыптастыру, бейненің екінші бөлігін таба білуге, өзбетіншеқұрастыруға үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:** қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектердің көмегімен бірге құрастырады. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сурет салу** | Балалардыңбейнелеуәрекетінедегенқызығушылығынояту.<br>Балалардыңкөркемдікқабылдауларындамыту.Қағаз, қарындашпен таныстыру. Қарындашты үш саусақпен дұрыс ұстап отырып, ұшын сәл жоғары, қатты қыспай, оң қолмен қағаз бетінде оңнан солға қарай қысқа, ұзын сызықтар жүргізебілуді үйрету. Жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Сызықтарды қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдалана отырып, түсіруге жаттықтыру,дәстүрден тыс саусақ тәсілімен сурет салуды үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:**Қағаз, қарындашпен таниды. Солдан оңға қарай түзу сызық жүргізе біледі. Қағаз бетіне бояулармен сызықтарды қағаз бетіне жеңіл жүргізу. |
| | **Мүсіндеу** | Балалардыңсазбалшық, ермексаз оныңқасиеттерітуралыбілімдерінқалыптастыру, оны дұрыс қолдануды жетілдіру. Алақан арасына, салып домалату, илеу әдісін қолдана білуге үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:** сазбалшық пен ермексаздың қасиеттерін ажыратады дұрыс қолданады. |
| | **Жапсыру** | Жапсыруға қызығушылықты ояту, материалдардың (қағаз)қасаиеттер түсінік қалыптастыру. Жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін қиылған пішіндерді, умаждау, жырту, мақта дискісі арқылы (желімсіз) және фланелегрфқа геометриялық фигурадарды бейнелерді сызықтарда, шаршыда қағаз бетіне қоя білуге үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:** Қағазды қолдануды және жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін қарапайым әдістерін біледі.Геометриялық фигураларды бейнелерді қоюға үйретеді. сызықтарда, шаршыда қағаз бетіне қояды. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау:** Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру.<br>**Ән айту:** Ән айтуға деген қызығушылықты, педагогтің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:** музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдайды; |

**Топ:** «Смайлик» бөбекжайы
**Балалардың жасы**: 2 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** Қазан айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қазан | **Дене тәрбиесі** | **Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру.** Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен жүру, таяқша менжіптен аттап жүру бірқалыпты және берілген бағытта жүгіру, көлбеу тақтайдың бойымен нысанаға дейін еңбектеу. Бір орында тұрып екі қолмен допты домалату. Алға қарай ұмтыла қосаяқпен (10 см 15 см) секіру.<br>**Дамыту жаттығулары**: қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа созу.алға және екі жаққа еңкею. Таяныштан ұстап отыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** әр түрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүре алады. |
| | **Тіл дамыту** | Дауыстың қаттылығы мен жылдамдығын ажырата білуге, еліктеу сөздерін айтуға үйрету. Дауысты дыбыстар мен айтылуы қарапайым дауыссыз дыбыстардың дұрыс айтылуын анықтау.<br>Күз, көгөніс, жеміс туралы сөздік қорын байыту.<br>Сын есімді зат есіммен сөз тіркесін құруға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?)сұрақтарға жауап беруге үйрету. Ойыншық, киім, аяқ киім туралы сөздік қорын байыту, заттардың аттарын атауға үйрету.ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен айтуға үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:** Еліктеу сөздерін айта алады, қарапайым сұрақтарға жауап бере алады. сөздік қорын байыту, заттардың аттарын атауойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен |
| | **Көркем әдебиет** | Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.Ертегідегі, қысқа әңгімедегі оқиғаларда, шығармаларда жаңа кейіпкердің пайда болуын байқау, драмалық жағдайларды кейіпкерлерге жаны ашу, өзіне таныс кейіпкерлермен кездескенде қуана білуді бекіту.<br>**Күтілетін нәтиже:** бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдайды. Шығармадағы жаңа кейіпкердің пайда болуы мен олардың қарым қатынасын байқауды меңгереді. |
| | **Сенсорика** | Қол мен саусақ ұштарының қимылдарын, және сенсомоторық кеңістік «көз – қол» үйлесімділігін дамыту.өлшемі әр түрлі геометриялық фигураларды пішін, өлшемі бойынша ерекшелінетін біркелкі заттарды топтастыруды, түстерді атау, жасыл түсті тануға үйрету.заттардың көлемін, түсін және пішінін білдіретінсөздерді түсінуге үйрету.**Күтілетін нәтиже:** қимылдарды,қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту дағдыларын меңгерген. заттардың көлемін, түсін және пішінін білдіретін сөздерді түсінеді |
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру** | Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету. Заттық бағдардық әрекеттерді атау. Кейбір әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерін ауыстырады және т.б), жекелеген еңбек әрекеттерін және атай білуге үйрету. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп, және т.б) мен жемістерді (алма, алмұрт, және т.б)ажырату.Үй жануарларымен таныстыру, атау және ажырату.Табиғатта жыл мезгілдерінің ауысуын және оның ерекшеліктері туралы алғашқы түсінік қалыптастыру. Табиғат маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсінік қалыптастыру: жаңбыр.аулаға ұшып келетін құстар: торғайлар. Үй құстары |

| | | |
|---|---|---|
| | | тауық.Өлі табиғат(жылы, суық су)олармен әрекет ету түрлері ( су құю, құм тасу, төгу) туралы түсініктерін қалыптастыру, олармен ойнау, эксперимент жасау. «Болады», «Болмайды», «Қауіпті» ұғымдарме таныстыру. Автокөлікті басқару туралы мәлімет беру, (Автобус, жеңіл автокөлік, поезд т.б. адамдар отырады.) **Күтілетін нәтиже:** Заттарды олармен әретке етудібіледі оларды суреттен таниды. Көгөністер мен жемістерді ажыратып аттарын атайды,Үй құстары тауықты дала құсы торғайды таниды. |
| | **Құрастыру** | 1)құрылыс материалдарын (текшелер, кірпіштер) ажырата алуды үйрету;<br>2) қарапайым құрылысты ересектің көмегімен құрастыру.<br>3) Кірпіштерді бірінің үстіне бірін , текшелерді кірпіштермен бірге қоюға, көлденең орналастыруға үйрету.<br>4)Құрылыс үлгілеріне қарап, оның бөліктерді атап көрсетуге, қандай бөлшектерден құралғанын анықтауға үйрету. 5)бөлшектерді дөңгелекке орналастыра алуға үйрету. 6).<br>**Күтілетін нәтиже:** құрылыс материалдарын (текшелер, кірпіштер) ажырата алады, ересектің көмегімен құрастырады |
| | **Сурет салу** | Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығышылықты ояту, қағазға, құмға, саусақпен сурет салу,ересектер салған суретті толықтыру. Қылқалам мен бояуды пайдаланып жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қағаз бетіне дақ түсіре білуге үйретуБейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу.Сурет салу техникасын жетілдіру. Түзу, көлденең тік, үзік сызықтар жүргізуді, осы әрекетті ырғақты қайталауды үйрету. Өзінің салған суретіне қуана білу,не бейнеленгенін айтуға үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:** қағазға, құмға сурет салудың алғашқы техникасын меңгерген. Қылқалам мен бояуды пайдаланып, қағаз бетіне дақ түсіре біледі. Түзу, көлденең тік, үзік сызықтар жүргізеді. Өзінің салған суретіне қуана біледі,не бейнеленгенін айтады. |
| | **Мүсіндеу** | Мүсіндеудіңқарапайымтәсілдерін (кесектердіүлкенбөліктерденбөліп алу, олардыбіртұтасетіпбіріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. Жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. **Күтілетін нәтиже:** мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін меңгерген(кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алады,оларды біріктіреді,сазбалшықты илей алады. Жұмыстан кейін материалдарды жинайды. |
| | **Жапсыру** | Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыруды және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйретуді жалғастыру.Қарапайым композиция құра білу. Балаларды пішіндермен таныстыру (Үшбұрыш,сақиналар,төртбұрыш) геометриялық пішіндерден фланелеграфта бейнелер құрғақ жапсыру. (үй, машина, поезд, балабақша т.б.)<br>**Күтілетін нәтиже**: Балаларды піщіндерді таниды. (Үшбұрыш, төртбұрыш) геометриялық пішіндерден фланелеграфта бейнелерді құрғақ жапсырады. (үй, машина, поезд, балабақша т.б.) |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау:** Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру.<br>**Ән айту:** Созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру; қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу.<br>**Күтілетін нәтижелер:** музыкалық шығармалардың сипатын ажыратады (баяу және көңілді әндер); |

**Топ:** «Смайлик» бөбекжайы

**Балалардың жасы**: 2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** Қараша айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қараша | **Дене тәрбиесі** | **Негізгі қимыл жаттығулары:** Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен жүру, Қолдарын әр түрлі бағытта ұстап жүру.Әр түрлі қарқынмен жүгіру. Доғаның атынан төрт тағандап (алақанымен тіземен тіреп), еңбектеу. Әртүрлі тәсілдермен 0,5- 1,5 м арақашықтағы нысанаға дейін домалату. Алға қарай ұмтыла қосаяқпен (10 см 15 см) секіру.<br>**Жалпы дамыту жаттығулары**: қолды кеуде тұсында айқастыру, қолды артқа қою. Еденде отырып, аяқты бүгіп және жазу. Бастапқы қалыпқа тұрып, аяқтың ұшымен тартылып тұру.<br>**Күтілетін нәтиже:** жүру кезінде тепе-теңдікті сақтайды,қиылды ойынды қызыға ойнайды. |
| | **Тіл дамыту** | Сөздеріжәнеқарапайымсөзтіркестерін (2-4 сөз) дұрысқайталапайтуғаүйретуНеғұрымкүрделі (Не әкелді? Кімгеәкелді? Неге әкелді? Қашанәкелді?) сұрақтарғажауапберуге, киім, аяққиімтуралысөздікқорындамыту. Сөзтіркестерінқұрабілуге (сын есім + затесім), сөздердіңдұрысайтылуын, Кітаптардағысуреттердіқарау, ондағытанысзаттардыатауғабайланыстырыпсөйлеугеүйрету. Күтілетіннәтиже: Сөздеріжәнеқарапайымсөзтіркестерін (2-4 сөз) дұрысайтаалады, сөзтіркестерінқұрабіледі (сын есім + затесім), Сөзтіркестерінқұрабілуге (сын есім + затесім), танысзаттардыатауғабайланыстырыпсөйлейалады. |
| | **Көркем әдебиет** | Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.Қысқа өлең жолдарын асықпай, анық қайталауға айтуға ынталандыру. Қысқа тақпақтарды, өлеңдерді жаттату.<br>**Күтілетін нәтиже:**Көрнекі құралдар арқылы және көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдай алады. |
| | **Сенсорика** | Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түстерді атау, қызыл түсті тануға, бейненің екінші бөлігін таба білуге үйрету.<br>.**Күтілетін нәтиже:** Өлшемі, пішіні, түсі б\а топтастыра алады |
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру** | Өзінің есімін және жасын атау, Заттық бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу,бұрау, ашу және т.б.)орындауға баулу. Ересектердің еңбегін бақылауға, сыртқы келбеті бойынша өзінің жынысын ажыратуға үйрету.<br>қоршаған орта туралы білімдерін кеңейтуҚоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен, аңдармен(Қоян) таныстыру, оларды сипаттау.Табиғат құбылыстарына қызығушылық тудыру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы (жел, жаңбыр)аулаға ұшып келетін құстар: көгершіндер. Үй құстары қаз.Өлі табиғат(құрғақ, ылғал құм) олармен әрекет ету түрлері ( су құю, құм тасу, төгу, жинау) туралы түсініктерін қалыптастыру, олармен ойнау, эксперимент жасау. «Болады», «Болмайды», «Қуіпті» ұғымдарме таныстыруды жалғастыру. **Күтілетін нәтиже:** Өзінің есімін және жасын атайды, Заттық бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу,бау, ашу және т.б.)орындайды. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы (жел, жаңбыр)аулаға ұшып келетін құстар: көгершіндер туралы біледі, таниды,Үй құстары қаз дене бөліктерін атайды, Өлі табиғат(құрғақ, ылғал құм) олармен әрекет ету түрлері ( су құю, құм тасу, төгу, жинау) туралы түсініктерін біледі,Су, құммен ж\е тағы басқа ойындарда қауіпсіз ережелерін түсінеді. |
| | **Құрастыру** | Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр және т.б.), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Балалармен |

| | | |
|---|---|---|
| | | қарапайым құрастыру жасауға үйрету. Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. **Күтілетін нәтиже:** құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр және т.б.), жазықтықтағы құрылыстың орналасу туралы түсінікке ие. |
| | **Сурет салу** | Тұйықталған дөңгелек сызықтар және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, өзінің салған суретіне қуана білуге не бейнелегенін айта білуге баулу. Қылқаламның түгіне салмақ салмай жүргізуге, түгін бояуға сулап алу, артығын ыдыстың шетіне жағу, қылқаламды суға жуу, оны шүберекпен кептіруге баулу. Ашық түсті бояуларға эмоционалды пікірлерін білдіру, қарама қайшы түстерді үйлестіріп, бейнелерді бере білуге, дақтарды қағаз бетіне қылқаламмен жаға білуге үйрету. Қарындаш пен қылқаламмен, бормен т.б. сурет салуға деген қызығушылығын ояту.Белгілібір ережені орындауға: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қылқаламды, қарындашты тарсылдатпаужұмысты ұқыпты жасауға тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** Тұйықталған дөңгелек сызықтар және толқын тәрізді сызықтарды бейнелейді, өзінің салған суретіне қуанады не бейнелегенін айтады. Белгілібір ережені орындайды. |
| | **Мүсіндеу** | Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты, тоқашты т.б мүсіндеуге қалыптастыру. Қарапайым заттарды илеп жасауға үйрету: таяқша, діңгек, шұжық, шар одан күрделісі сағырауқұлақ, мұнара т.б. **Күтілетін нәтиже:** Қарапайым заттарды илеуді. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптасты. |
| | **Жапсыру** | Фланелеграфта дайын пішіннен композиция құруға оны желімсіз жапсыруға,геометриялық пішіндердің екінші жартысын қойып жапсыруға үйрету(Жеміс сусыны, саңырауқұлақ, күзгі ағаш т.б.)**Күтілетін нәтиже:**фланелеграфта, қағаз бетіне қойып пішіндерді орналастыра алады. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау:** Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын ажырату;<br>аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді<br>**Ән айту:** Күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру.<br>әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтерін қолдану, күрделі емес қимылдар бірізділігін есте сақтау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Бубенмен, сылдырмақпен, бірқалыпты ырғақты, түрлі бейнелік - ойын қимылдарын бере отырып заттармен қимылдар жасау.<br>**Күтілетін нәтижелер:** қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажыратады; |

**Топ:** «Смайлик» бөбекжайы

**Балалардың жасы**: 2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** Желтоқсан айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Желтоқсан | **Дене тәрбиесі** | Негізгі қимылдар: Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен жүру, Бір – бірінің қолдарынан ұстап жүру. Сызықтардың шектелген (ені 20-25 м ұзындығы 2 – 2,5м)жіптің бойымен жүру, Заттардың арасымен жүгіру. Гимнастикалық скамейканың астынан төрт тағандап (алақанымен тіземен тіреп)еңбектеу.Отырып, тұрып доптарды домалату. 10 – 15 см биіктіктен секіру.Жалпы дамыту жаттығулары: Қолды алға созып, бүгіп жазу, Еденде отырып, аяқтарды кезекпенбүгіп жазу. Бастапқы қалыпқа тұрып, Аяқтың өкшесін алға қою. ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету<br>**Күтілетін нәтиже:** Тепе теңдікті сақтай алады,негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) біледі. |
| | **Тіл дамыту** | Артикуляциялықжәнедауыс аппараты жаттығулар арқылы дыбыстық мәдениетін дамыту,ыдыс, жиһаз туралы сөздік қорын молайту.сөзтіркестерін құрабілуге(затесім + етістік) үйрету, қарапайымсюжеттіксуреттердіңмазмұнынайтып беру арқылы байланыстырып сөйлеуге үйрету. **Күтілетін нәтиже:**қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру арқылы байланыстырып сөйлей алады, артикуляциялық жаттығуларды орындайды; |
| | **Көркем әдебиет** | Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.<br>Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Тілдің эмоцональды мәнерлілігін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** Өлеңді қайталайды, сөздерді айтады, сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтады. |
| | **Сенсорика** | Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.Көлемі(үлкен, кіші)пішіні (шаршы дөңгелек, ұшбұрыш) түсі(сары,қызыл, жасыл, көк) бойынша бір -біріне ұқсайтындарын топтастыруға үйрету.Сенсорлық қасиеттерді анықтауға арналған тапсырмаларды пішінді ұяларға сәйкестендіру, **Күтілетін нәтиже:** ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктейді, пішінді ұяларға сәйкестендіреді, түстері, пішіні, көлемі бойынша топтастырады. |
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру** | Үйін, пәтерін тану. Белгілі бір обьектіге арналған нақты әрекеттерді(допты домалату, машина итеру, қуыршақты жатқызут.б.) орындауға баулу. Ересектердің әрекеттерін қалай орындап жатқанын балалардың назарын аудару. Қоршаған ортадағы өсімдіктер ағаш сөздерін дұрыс қолдануға үйрету.Үй жануарлары және олардың төлдерімен аңдармен(түлкі) таныстыру, оларды сипаттау. Табиғат құбылыстарына қызығушылық тудыру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы (жел, қар)аулаға ұшып келетін құстар: қарғалар. Үй құстары үйрек таныстыру.Өлі табиғат(домалақ, қатты тас) олармен әрекет ету түрлері(жылы суық қар) түсініктерін қалыптастыру, олармен ойнау, эксперимент жасау. «Болады», «Болмайды», «Қуіпті» ұғымдарме таныстыруды жалғастыру. **Күтілетін нәтиже:** Үйін, пәтерін таниды. Белгілі бір обьектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машина итеру, қуыршақты жатқызут.б.) орындайды. Қоршаған ортадағы өсімдіктер ағаш дұрыс қолданады.Үй жануарлары және олардың төлдерімен, аңдармен(түлкі) таниды, оларды сипаттайды. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы (жел, қар)аулаға ұшып келетін құстар: қарғалар. Үй құстары үйрек таниды.Өлі табиғат(домалақ, қатты тас) олармен әрекет ету түрлері ( жылы суық,қар) туралы түсінікке ие. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Құрастыру** | Қарапайым құрылысты ересектің көмегімен құрастыру.Пішіні, түсі көлемі бойынша заттарды топтастыруға және таңдауға, құрылыс материалдарының (текшелер, кірпіштер)негізгі пішінінажыратуға, текше, кірпіштерді т.б.қатар - қатар қоюға үйрету.**Күтілетін нәтиже:**ересектің көмегімен құрастыра алады. Пішіні, түсі көлемі бойынша заттарды топтастырады және таңдайды, құрылыс материалдарының (текшелер, кірпіштер)негізгі пішінінажыратады. |
| | **Сурет салу** | Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Дәстүрлі емес әдістермен суреттер салуға( саусақпен,паралонмен, мақта таяқшасымен )(жапалқтап қар жауды, ақ ұлпа қарлар, шыршаның шамдары, қардағы іздер т.б үйрету. **Күтілетін нәтиже:** Дәстүрлі емес әдістермен ( саусақпен, мақта таяқшасымен, паралонмен) суреттер салады. |
| | **Мүсіндеу** | Табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат және т.б.) мүсіндеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** Саусақпен басып тереңдету, кесектерді біріктіру техникасына ие. |
| | **Жапсыру** | Балаларды бейнелерді, құрастыруға фланелеграфта (дөңгелектерді,үшбұрышты, шаршыны), қағаз бетіне қойып, жапсыруға үйретуді жалғастыру(Шыршаны әсемдейік, шыпша, аққала, қар жауды, т.б) **Күтілетін нәтиже:**фланелеграфта (дөңгелектерді,үшбұрышты, шаршыны), қағаз бетіне қойып, құрғақ жапсырады. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау:** Жаңа әндерді музыкалық-қимылдық көрсетусіз тыңдау.<br>**Ән айту:** Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру; жаттығулар мен билерде сүйемелдейтін музыканың қарама- қарсылығына сәйкес (ақырын-қатты, жоғары-төмен, баяу – жылдам) бір қимылдардан басқаларына ауысу.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беру және оның кейіпкерлері мен қимылдарының музыкалық сипатын беруге сәйкес ойынның бір кезеңінен келесісіне өту.<br>**Күтілетін нәтижелер:** педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, жекелеген сөздер мен буындарды қосып айтады; |

**Топ:** «Смайлик» бөбекжайы
**Балалардың жасы**: 2 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** Қаңтар айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Қаңтар | **Дене тәрбиесі** | Негізгі қимылдар: Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен жүру, аяқтың ұшымен жүру. Гимнастикалық скамейканың үстімен жүру. Аяқтың ұшымен жүгіру. Арқанның астынаннысанаға дейін төрт тағандап (алақанымен тіземен тіреп)еңбектеу. Түрлі заттардың астынан 0,5 – 1,5 м арақашықтыққа доптарды домалату.Едендежатқан секіріштен аттап секіру. Жалпы дамыту жаттығулары. қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, қолды шапалақтау. Шалқасынан жатқан күйде аяқтарын көтеру және түсіру. Бастапқа қалыпта тұрып аяқтаряның бақайларн қимылдату (отырып). Шананың жібінен сүйретуге үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:** Тура жолмен, сызықтармен шектелген жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүреді, заттарға шыға алады . |
| | **Тіл дамыту** | Сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету, үй жануарлары туралы сөздік қорын дамыту, етістіктіңөткеншағыменбайланыстырырып сөйлеуге үйрету. **Күтілетін нәтиже:** Етістіктің өткен шағымен байланыстырып сөйлей алады, үй жануарлары туралы заттарын білдіретін сөздерді атайды. |
| | **Көркем әдебиет** | Айналасындағы адамдардың сөзін көрнекіліксіз тыңдау қабілетін дамыту, тұрмыстық немесе ертегі әңгімелер тыңдау, шығарма мазмұнына эмоциональды түрде үн қата білу, түрлі дауыс екпінін байқай білу қабілеттігі, болған жағдайға жанашырлық білдіру, кейіпкер бейнесіне ене білу қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** Адамдардың сөзін көрнекіліксіз тыңдайды, түрлі дауыс екпінін байқайды, болған жағдайға жанашырлық білдіреді. |
| | **Сенсорика** | Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру.Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру<br>**Күтілетін нәтиже:** Түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстырады.Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіруді біледі. |
| | **Қоршаған әлеммен таныстыру** | Отбасы мүшелерін аттарын атау. Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету заттық ойын әрекеттерін қолдану. Ересектердің әрекеттерін қалай орындап жатқанын бақылау. Үй жануарлары және олардың төлдерімен(қозы,лақ,бота,)аңдармен (аю) таныстыру, оларды сипаттау. Табиғат құбылыстарына қызығушылық тудыру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы (қар)аулаға ұшып келетін құстар: көгершіндер, қарғалар.оларға қамқорлық жасау. Үй құстары үйрек. қаз, тауық таныстыруды жалғастыру, оларды бір бірінен ажырату .Өлі табиғат( қар) олармен әрекет ету түрлері ( ақ, үлпілдек, қатты, ериді) туралы түсініктерін қалыптастыру, олармен ойнау, эксперимент жасау. «Болады», «Болмайды», «Қауіпті» ұғымдарме таныстыруды жалғастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** Отбасы мүшелерін аттарын атайды. Заттарды және әрекет етуді біледі. Еңбек әрекеттерін |

